«№37 орта мектебі» КММ

# 2023-2024 оқу жылындағы мұғалім-логопедінің жылдық ТАЛДАУЫ

**Ақтөбе қаласы**

Сканировано с CamScanner

**2023-2024 оқу жылы бойынша «№37 орта мектебі» КММ-нің мұғалім-логопеді жұмысының талдауы.**

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылының басында мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметіндегі логопедтің түзете-дамыту сабағына ПМПК қортындысымен келген сөйлеу тілінде бұзылысы бар 16 оқушы есепке алынды. Олар:

| № | Оқушының аты-жөні | Туған жылы, айы, күні | класы | Диагнозы | Мүгедектік туралы анықтама және ВКК | ҚПМПК шешімдері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Арманқызы Жанайым | 02.04.2017 | 1ә | ЖСТД II-III деңгейі | - | Типтік жалпы білім беретін бағдарлама Логопед сабағы |
| 2 | Саргенже Ахмад Талғатұлы | 21.04.2017 | 1ә | ЖСТД – III деңгейі | - | Жалпы білім беретін оқыту бағдарламасы Логопед сабағы |
| 3 | Құсайнова Аружан | 18.02.2016 | 2а | ЖСТД II деңгейі, дизартрияның көмескі түрі | - | Жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту мен логопед сабағы |
| 4 | Амин Ибрахим Бағданұлы | 04.04.2015 | 2а | Жеңіл зерде бұзылысы, ЖСТД II деңгейі | 2 топтағы мүгедектік, Үйден оқыту | Жалпы білім беретін мектептің бастауыш класының жеке оқыту бағдарламасы,зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы оқулықты қолдану,дефектолог,психолог,логопед мамандарының арнайы сүйемелдеуі |
| 5 | Тыныштық Айат | 27.05.2015 | 2ә | ПДТ, ЖСТД II- III деңгейі | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту, логопед, дефектолог сабақтары |
| 6 | Ағабай Инабат | 22.12.2014 | 2ә | ПДТ, ЖСТД II деңгейі | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту, логопед, дефектолог сабақтары |
| 7 | Аманова Айнара | 30.06.2016 | 2б | Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы,өздігінен жүре алады, ПДТ, ЖСТД II- III деңгейі | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту, дефектолог, логопед сабақтары; КПП жағдайындағы массаж, ЛФК |
| 8 | Сапарғали Мансұр | 13.02.2015 | 2б | ПДТ, ЖСТД II деңгейі | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту, дефектолог, логопед, психолог сабақтары |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Байғабыл Рахат | 09.02.2013 | 4а | Жеңіл зерде бұзылысы, қарым-қатынас пен әлеуметтік әрекеттестіктің бұзылуы | 2 топтағы мүгедектік | Жалпы білім беретін мектептің бастауыш класының жеке оқыту бағдарламасы,зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы оқулықты қолдану,дефектолог,психолог,логопед мамандарының арнайы сүйемелдеуі |
| 10 | Жеткізгенов Әли | 31.08.2012 | 5а | Есту қабілетінің бұзылуы, ПДТ, ЖСТД II деңгейі | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту, алдыңғы партаға отырғызу, логопедтің арнайы көмегі. |
| 11 | Танер Асия | 06.07.2011 | 5а | Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы,өздігінен жүре алмайды, жеңіл зерде бұзылысы, ЖСТД II деңгейі, көру қабілетінің бұзылуы | Үйден оқыту | Жалпы білім беретін мектептің бастауыш класының жеке оқыту бағдарламасы,зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы оқулықты қолдану,дефектолог,психолог,логопед мамандарының арнайы сүйемелдеуі. |
| 12 | Сергулиев Марлен | 22.01.2013 | 5ә | Оқу мен жазу қызметінің қалыптасуындағы қиындықтар | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту, дефектолог, логопед сабақтары |
| 13 | Бисенғали Айя | 22.08.2011 | 6ә | Есту қабілетінің бұзылысы, ЖСТД II-III деңгейі | - | Негізгі орта білім бойынша жалпы білім беретін мектептің жалпы сынып жағдайында бейімделген жалпы білім беретін бағдарламасымен оқыту, логопед, КПП№2 жағдайында сурдологтың арнайы көмегі |
| 14 | Тұрмағамбетов Тәңірберген | 09.07.2009 | 7а | Жеңіл зерде бұзылысы, ЖСТД III деңгейі,тірек-қимыл аппаратының бұзылысы,өз бетімен жүре алады, көмескі дизартрия | - | Негізгі және орта білім берудің жеке бағдарламасы бойынша оқыту, логопед, психолог, дефектологтың сабақтары |
| 15 | Иржанова Анель | 16.03.2010 | 7а | Есту қабілетінің | - | Бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бұзылысы, ПДТ, ЖСТД II-III деңгейі | | оқыту, дефектолог, логопедтің көмегі |
| 6 | Якуда Имран | 03.07.2017 | МАД | ЖСТД III деңгейі | - | Жалпы білім беретін бағдарламамен оқыту мен логопед сабағы |

Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып, оның жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын анықтау, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, білім алуға өз бетінше қол жеткізуіне, тәрбиленуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады. Ал психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің мамандарының бірі мектеп логопедінің міндеті ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстары бар ЕБҚ оқушыларға көмек көрсету.

Қыркүйек айының басында (04.09.-16.09.23ж.) олардың аналарынан анамнез анкетасына жауаптар алынып, балаларға диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

Логопед жұмысының жылдық жұмыс жоспары 05.09.2023 жылмен бекітілді.

Балалардың көбінде диагнозы ПДТ (Психикалық дамуы тежелеген) және СТЖД ( Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының II-III деңгейі ) бойынша, жас ерекшелігіне қарай топтық және кіші топтық, жеке сабақтарға алынып, аптасына 2 рет түзету-дамыту сабақтары бойынша жүргізіліп отырды.

Түзету бағдарламасы да осы жас ерекшеліктері мен сөйлеу тілі бұзылыстарына сәйкес құрылып, сабақ кестелері бекітілді. Қыркүйек айының алғашқы екі аптасында осы оқушылардың оқу қиындақтарының көріністері мен олардың себептерін талқылау мақсатында қазақ тілі пәні сабағына қатысып, қорытындылары 2а, 2б формаларына түсірілді. Одан кейін әр оқушыға логопед тұжырымдамасы болып табылатын 3в формалары толтырылды. Осы толтырылған формалар мен сөйлеу карталардың нәтижесінде оқушылармен жұмыстың жеке бағдарламалары құрылды.

1 сынып жетекшілеріне логопед қорытындысы бойынша хабарлама -кеңес өткізіп, логопед сабағының кестесімен таныстырып, 1 класс оқушыларының тіл бұзылыстары туралы ақпарат берілді.

Маман ретінде ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметіндегі сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне құжаттар дайындасуға көмектесіп, кеңестер берілді.

Балалардың көбінде жанама ПДТ диагнозы болғандықтан, балалардың психикалық процестері баяу дамиды, ондай балалар тез шаршағыш, зейіндері

Сканировано с CamScanner

шашыраңқы, есте сақтау қабілеттері нашар болғандықтан түзете-дамы
сабағының ұйымдастыру кезеңінен кейінгі бөлігі:

1.Көріп қабылдауы мен көріп есте сақтауын дамыту;

2. Кеңістік бағдарлауын дамыту;

3.Жалпы және ұсақ моториканы дамыту;

4.Естіп қабылдауын, есту зейінін дамыту;

5.Артикуляциялық моториканы дамыту;

6.Тілдік тыныс алу мен дауысты дамыту;

7.Фонематикалық есту қабілетін дамыту;

8.Буын құрылымы бойынша жұмыс, буындарға дыбыстық талдау;

9. Сөздермен жұмыс;

10. Сөйлеммен жұмыс сияқты бағыттардан тұрды.

1 сынып оқушыларымен топтық сабақтарда ысқырық, ызың және сонорлы дыбыстардың айтылуы түзетіліп, буындарда, сөздерде, жаттамақтарда машықтандырылды.

Жалпы логопедтің түзете-дамыту сабақтарында дыбыстық талдау, буындармен жұмыс, сөздік қорды молайту, сөздерді жұрнақ, жалғау арқылы айтып үйрену дағдылары, оқу-жазу бұзылыстарын түзету мақсатында

1-тоқсанда түзете-дамыту сабақтарында көру гнозистері мен праксисті дамытуға арналған жаттығулар, көріп есте сақтауын, естіп есте сақтауын дамытуға арналған жаттығулар, оқу мен танымдық аймақтарды дамытуға арналған жаттығулар қолданылса, 2-тоқсан бойынша фонетикалық деңгейде дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды ажырату дағдылары, олардың айтылуына қарай түрлерін ажырату, әріптік-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын үйрету және лексикалық деңгейде сөз мағыналарын дұрыс үйренуге, антоним, синоним, омоним сөздерді білу және ажыратуға арналған сабақтары өтті. 3-тоқсан, 4-тоқсан бойынша үстеулерді қолдану дағдылары, етістіктің шақтары, зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану, сан есімдерді зат есімдермен байланыстыру, белсенді сөздік қорын дамыту, графикалық схема бойынша сөйлем құрастыру, жай сөйлем мен жайылма сөйлемдерді ажырату, схема мен тірек сөздері бойынша әңгіме құрау сияқты тақырыптарда түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді.

2 сынып оқушыларымен жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі бойынша 1-2 тоқсан бойынша заттар мен олардың бөлшектері, мамандық иелері, оларға тиесілі құралдар, жіктік жалғауларды жалғап үйрену, зат есім

Сканировано с CamScanner

мен сан есімді байланыстары, табиғат құбылыстары, өсетін жақтары, көлемі, пішіні, түстері бойынша заттарды сипаттау, адамның сезімдері мен көңіл-күйді сипаттайтын ұғымдар, омоним, антоним, синоним сөздерді сөздік қорда пайдалана білу сияқты тақырыптарға түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. 1-4 тоқсан бойынша тәуелдік жалғау, септік жалғауларын сөздерге жалғап айтуға үйрету, яғни сөздердің грамматикалық жағын дамытуға арналған жұмыстар, белсенді сөздік қорды молайтуға байланысты тақырыптар, үстеулерді пайдалану, сөйлеммен жұмыс, байланыстырып сөйлеуге қатысты түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Орта буын сыныптарындағы оқу, жазу бұзылыстары бар оқушылар үшін түзету жұмыстары дайындық, фонетикалық, лексикалық және синтаксистік деңгейлерде жүргізілді. Дайындық деңгейіне көру гнозистері, кеңістік гнозисін дамыту, сөйлеу-көру функцияларын дамыту, көріп есте сақтауын, естіп есте сақтауын дамыту, фонетика бойынша дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату жұмыстары, лексика бойынша белсенді сөздік қорын дамыту, сөздердің мағынасын түсіндіру, түбір мен қосымшаны ажырату, омоним, синоним, антонимдерді ажырату, сөз таптарын ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдана алуды белсендіру сияқты жұмыстар жүргізілді. Синтаксистік деңгейде сөйлемнің құрылымын талдау, мәтінмен жұмыс, тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру, сурет бойынша сөйлемдер құрастыру, мәтін құрылымын талдау және сөйлемдерден мәтін құрастыру сияқты байланыстырып сөйлеуін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді.

Логопед маманының басты міндеттерінің бірі ата-аналарды түзете-дамыту жұмыстарына белсенді араластыру және сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу болып табылады. Осы мақсатта оқу жылының басында тіркелген әр оқушының ата-анасымен олардың тілдік кемшіліктерімен таныстыру мақсатында әңгіме-сұхбаттар жүргізілді. Логопедтік үй тапсырмаларының маңыздылығы түсіндірілді. Бұл жұмыстар жыл бойына кабинетте, ватсап желісінде ауызша, видео түрінде жүргізілді.

1,2 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында шебер сынып өткізіліп, ақпараттық кеңестер «Артикуляциялық жаттығулар - сөйлеу тілін түзетудің басты құралы» атты үлестірмелі материалдар үлестіріліп, ата-аналарға айна алдында артикуляциялық жаттығуларды жасау техникасы түсіндірілді.

Қазан айында бастауыш сынып оқушыларына арналған артикуляциялық жаттығулар мен нейрожаттығулардың пайдасы мен оларды айна алдында қалай дұрыс жасау керектігі туралы кеңес беру сабақтары өткізілді.

Сканировано с CamScanner

Қараша айында «Р» дыбысының айтылуы бұзылысы бар есепте тұрған оқушылардан тыс кейбір 1 сынып оқушыларына айна алдында «Р» дыбысын түзетуге арналған артикуляциялық жаттығулары үйретіліп, үй жағдайында күніне 3 рет жасап тұру керектігі туралы кеңестер берілді.

Қараша айының 16-сы күні Ақтөбе қаласының аутист балаларға арналған «Асыл мирас» орталығының мамандары келіп, серіктестік қатынас жасау мақсатында, 4а сынып оқушысы Байғабыл Рахатқа диагностика жасап, алдағы уақыттағы коорекциялық түзету бағыттары, оның ішінде АВА терапиясының мадақтау әдісімен қалай жұмыс жасау керектігі туралы кеңестерін алдық.

Өз білімімді жетілдіру мақсатында қазан айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық» АҚ-ның «Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың (дефектолог-мұғалімнің) кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты курсынан өттім.

Қазан айында арнайы педагогтерге арналған облыстық педагогоикалық олимпиадасына қатысып, III орын иелендім.

Оқушылар жетістіктері: желтоқсан айы бойынша «Алтын білім кілті» әдістемелік-ғылыми зерттеу орталығының қолдауымен Халықаралық «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына шәкірт дайындап, өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталдым. Осы конкурсқа қатыстырылған ЕББҚ ететін 5 оқушы бас жүлде дипломдарымен марапатталды. Олар: 4а сынып оқушысы Байғабыл Рахат, 5а сынып оқушысы Жеткізгенов Әли, 2а сынып оқушысы Құсайнова Аружан, 2б сынып оқушысы Аманова Айнара, 3а сынып оқушысы Өмірбек Расул.

11.03.2024 жылы «Әлем балалар көзімен» атты сырттай фотобайқаудан 5 а сынып оқушысы Жеткізгенов Әли III орын иеленді.

07.12.2023 жылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мақсатында 3 а сыныбы оқушыларына «Біз әртүрліміз, бірақ біз біргеміз!» атты тренинг-сабақ өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды мектептегі ЕББҚ ететін оқушыларды кемсітпеу, оларды қамқорлыққа алуға, олармен достасып, көмек қолдарын созуға тәрбилеу, еліміздің болашақ ұрпағын мейірімді, толерантты адами тұлға болуға тәрбиелеу болды.

01.02.2024 жылы 1а сынып оқушылары арасында кеңістікті бағдарлау, сенсорлық қабілеттері: проприоцепцияны, вестибулярлы аппараттың жұмысын дамыту мақсатында «Кинезиологиялық жаттығулар» тақырыбында қозғалмалы ойындар ұйымдастырылды.

Сканировано с CamScanner

Сәуір айында ата-анамен жұмыс бағытында «Нейрожаттығулар мидың жұмыс істеу өнімділігін арттырады» атты тақырыпта ата-аналарға тренинг-сабақ өткізілді. Мақсаты: ата-ана үй тапсырмасын орындату кезінде нейрожаттығу жасату арқылы баласының зейінін шоғырландыру, есте сақтау қабілетін дамыту, ұсақ, ірі моториканы дамыту, оқу және жазу процестерін дамыту.

Әдістемелік жұмыс кезеңі бойынша фонетика, грамматика және лексика тақырыптарына арналған папкалары жасақталып, осы тақырыптар бойынша көрнекіліктер жиналды.

Оқу жылының аяғында есепте тұрған 16 оқушының 2 оқушы Ағабай Инабат пен Саргенже Ахмад оқу жылының ортасында отбасы жағдайларына байланысты басқа мектептерге ауысты, 1 оқушысы Құсайнова Аружан түзетім жұмысынан кейін есептен шығарылса, оқу жылының аяғында МАД тобының оқушысы Якуда Имран басқа мектепке 1 сыныпқа қабылданып, 12 оқушы сабақты жалғастыру үшін қалдырылды, соның 6-уы келесі оқу жылына сабақтарын жалғастыру үшін қалалық ПМПК тексерісіне барады.

**Мұғалім-логопед** **Сейтова Г.Ч.**

Сканировано с CamScanner